67.7(5Қаз)я2
А 89

АСХАТ АСЫЛБЕКОВ

# КІМНІҢ КІМ екені

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОТ-ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ

# КТО есть КТО

## СУДЕБНО-ПРАВОВАЯ СИСТЕМА КАЗАХСТАНА



## НАРЫҚБАЕВ Мақсұт Сұлтанұлы

1940 жылы 30 наурызда Талдықорған облысының Еркін ауылында туған. Қазақ.
Әкесі – Оразбеков Сұлтан (1916–1942), ҰОС ардагері. Анасы – Балтабаева Зинаш (1919–2005).
С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген (1974), заңгер.
Заң ғылымдарының кандидаты (1996), докторы (1997 – РФ, 1998 – ҚР). Докторлық диссертациясының тақырыбы: «Қазақстан Республикасында балалық шақты қылмыстық-құқықтық қорғау». Профессор. Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі.
Кітаптардың, монографиялардың, мақалалардың авторы, оның ішінде: «Қазақстан Республикасында балалық шақты құқықтық қорғау» (1996); «Әділ сотқа апарар жол» (1997); «Қазақстан: сот-құқық реформасы және оны әрі қарай жетілдірудің жолдары» (1998); «ҚР жаңа қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнамасын қолданудың өзекті мәселелері» (1999); «Сыбайлас жемқорлыққа және ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрестің кейбір мәселелері»; «Ұлы билерімізден Жоғарғы Сотқа дейін» (1999 қазақ тілінде, 2000 орыс тілінде); «Посткеңестік мемлекеттердегі сот-құқық реформасын жүзеге асырудың мәселелері: тәжірибе және тұжырымдар»; «Ақиқаттың ақ жолы» (2000); «Тұғыры берік туған ел» (2000); «ҚР-дағы прокурорлық қадағалау» (2002); «Құқық пен заңдылық төңірегіндегі ойлар» (2005); «Ұлы тарихпен бетпе-бет» (2005); «Заңгерлік оққағар» (2005).
Қазақ, орыс және неміс (сөздіктің көмегімен) тілдерін біледі.
1958 жылдан – № 8 техникалық училищенің курсанты (Днепродзержинск, УкКСР-і). 1960 жылдан – Талдықорған облысы Талдықорған ауданында клуб меңгерушісі. 1963 жылдан – Кеңес Әскерінің қатарында қызметте. 1966 жылдан – Еркін ауылының спорт жөніндегі нұсқаушы-әдіскері, клуб меңгерушісі. 1968 жылдан – ҚазКСР Талдықорған облыстық радиотарату және телевизия басқармасының тілшісі, редакторы. 1969 жылдан – Талдықорған аудандық еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитеті мәдениет бөлімінің меңгерушісі. 1970 жылдан – Талдықорған ауданының Еркін ауылдық клубы драмалық ұжымының режиссері. 1972 жылдан – Талдықорған облыстық филармониясының аспапшысы; Еркін ауылдық клубының көркемдік жетекшісі. 1973 жылдан – Талдықорған қалалық прокуратурасында сынақ мерзімінен өтуші. 1974 жылдан – Талдықорған облыстық қорғаушылар алқасының мүшесі. 1981 жылдан – Талдықорған облысы Қаратал аудандық сотының судьясы. 1987 жылдан – ҚазКСР Әділет министрлігі Сот органдары басқармасының аға консультанты. 1988 жылдан – ҚазКСР Прокуратурасының заңнаманы жүйелеу мен насихаттау бөлімінің прокуроры. 1989 жылдан – ҚазКСР Прокуратурасының соттарда қылмыстық істердің қаралауын қадағалау бөлімінің прокуроры. 1990 жылдан – ҚР Әділет министрлігінің Заңнаманы жүйеге келтіру және насихаттау басқармасының бастығы. 1992 жылдан – ҚР Президенті және Министрлер кабинеті Аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімінің сектор меңгерушісі; ҚР Президенті және Министрлер кабинеті Аппаратының құқық қорғау органдары бөлімінің меңгерушісі. 1993 жылдан – ҚР Жоғарғы соты төрағасының бірінші орынбасары. 1995 жылдан – ҚР Бас прокуроры. 1996 жылдан – ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы. 2000 жылдан – Қазақ мемлекеттік заң университетінің ректоры.
2008 жылдан бері – Қазақ гуманитарлық заң университетінің президенті.
«Әділет» ҚДП төрағасы, ҚР Парламент Мәжілісі жанындағы қоғамдық палата төрағасының орынбасары, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық кеңестің, Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің мүшесі, ҚР-дағы демократиялық реформалар бағдарламасын әрі қарайғы жетілдіру және нақтылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, ҚР Жоғары Сот Кеңесінің мүшесі. Европа Ректорлар клубының мүшесі (2006 жылдан).
«Парасат», II дәрежелі «Барыс» (2005) ордендерімен; «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске жиырма жыл» (1965), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970), «Еңбек ардагері» (1990) медальдарымен марапатталған. Құрметті судья (2003). ҚР Прокуратурасының құрметті қызметкері. ҚР еңбек сіңірген білім және ғылым қайраткері атақтарына ие. XXI ғасырдағы зияткерлік дамуға қосқан жеке үлесі үшін Европалық бизнес қауымдастығының Халықаралық Сократ атындағы сыйлығы (Лондон, 2006) берілген.
Жоғары біліктілік сыныбына ие судья, 2-ші сыныпты мемлекеттік әділет кеңесшісі.
Діни көзқарасы – мұсылман.
Саяси қайраткер ретіндегі идеалы – Н.Ә. Назарбаев.
Қазақстанның болашағы жайлы болжамы – «Әлемдік қауымдастықта өзіне лайық орны бар құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекет».
Хоббиі – спортпен айналысу (спорттық жаяу жүріс, жүзу, атқа салт міну, тау шаңғысы).
Сүйіп оқитын әдебиеті – тарихи және саяси әдебиет.
Үйленген. Жұбайы – Нарықбаева Қасиет Қадырқызы. Ұлдары – Сұлтанов Асхат (1962 ж. т.), Нарықбаев Талғат (1978 ж. т.), Нарықбаев Қанат (1986 ж. т.). Қыздары – Нарықбаева Лора (1964 ж. т.), Нарықбаева Ләззат (1975 ж. т.), Нарықбаева Жібек (1977 ж. т.).

## НАРИКБАЕВ Максут Султанович

Родился 30 марта 1940 года в селе Еркин Талды-Курганской области. Казах.
Отец – Оразбеков Султан (1916–1942), участник ВОВ. Мать – Балтабаева Зинаш (1919–2005).
Окончил юридический факультет Казахского государственного университета им. С.М. Кирова (1974), юрист.
Кандидат (1996), доктор (1997 – РФ, 1998 – РК) юридических наук. Тема докторской диссертации: «Уголовно-правовая охрана детства в Республике Казахстан». Профессор. Академик Международной академии наук высшей школы.
Автор книг, монографий, статей, в том числе «Правовая охрана детства в Республике Казахстан» (1996); «Дорога к правосудию» (1997); «Казахстан: судебно-правовая реформа и дальнейшие пути ее совершенствования» (1998); «Актуальные вопросы применения нового уголовного и уголовно-процессуального законодательства РК» (1999); «Некоторые вопросы борьбы с коррупцией и организованной преступностью»; «Ұлы билерімізден Жоғарғы Сотқа дейін» (1999 – на казахском языке, 2000 – на русском языке); «Проблемы реализации судебно-правовой реформы в постсоветских государствах: опыт и суждения»; «Ақиқаттың ақ жолы» (2000); «Тұғыры берік туған ел» (2000); «От наших великих биев до Верховного суда» (2000); «Прокурорский надзор в РК» (2002); «Құқық пен заңдылық төңірегіндегі ойлар» (2005); «Ұлы тарихпен бетпе-бет» (2005); «Юридический телохранитель» (2005).
Владеет казахским, русским и немецким (со словарем) языками.
С 1958 года – курсант технического училища № 8 (Днепродзержинск, УССР). С 1960 года – заведующий клубом Талды-Курганского района Талды-Курганской области. С 1963 года – служба в рядах Советской Армии. С 1966 года – инструктор-методист по спорту, заведующий клубом с. Еркинское. С 1968 года – корреспондент, редактор Талды-Курганского областного управления по радиовещанию и телевидению КазССР. С 1969 года – заведующий отделом культуры исполкома Талды-Курганского районно-

го совета депутатов трудящихся. С 1970 года – режиссер драматического коллектива Еркинского сельского клуба Талды-Курганского района. С 1972 года – инструменталист Талды-Курганской областной филармонии; художественный руководитель клуба с. Еркинское. С 1973 года – стажер в прокуратуре г. Талды-Курган. С 1974 года – член Талды-Курганской областной коллегии адвокатов. С 1981 года – судья Каратальского районного суда Талды-Курганской области. С 1987 года – старший консультант Управления судебных органов Министерства юстиции КазССР. С 1988 года – прокурор отдела систематизации и пропаганды законодательства Прокуратуры КазССР. С 1989 года – прокурор отдела по надзору за рассмотрением уголовных дел в судах Прокуратуры КазССР. С 1990 года – начальник Управления систематизации и пропаганды законодательства Министерства юстиции РК. С 1992 года – заведующий сектором государственно-правового отдела Аппарата Президента и Кабинета министров РК; заведующий отделом правоохранительных органов Аппарата Президента и Кабинета министров РК. С 1993 года – первый заместитель председателя Верховного суда РК. С 1995 года – генеральный прокурор РК. С 1996 года – председатель Верховного суда РК. С 2000 года – ректор Казахского государственного юридического университета.

С 2008 года по настоящее время – президент Казахского гуманитарно-юридического университета.

Председатель ДПК «Әділет», заместитель председателя общественной палаты при Мажилисе Парламента РК, член Национального совета, Совета по правовой политике при Президенте РК, член Государственной комиссии по дальнейшей разработке и конкретизации программы демократических реформ в РК, член Высшего Судебного Совета РК. Член Клуба ректоров Европы (с 2006 года).

Награжден орденами «Парасат», «Барыс» II степени (2005); медалями «Двадцать лет Победы в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» (1965), «За трудовую доблесть» (1970), «Ветеран труда» (1990). Почетный судья (2003). Почетный работник Прокуратуры РК. Заслуженный деятель науки и образования РК. Удостоен Международной награды им. Сократа Европейской бизнес-ассоциации за личный вклад в интеллектуальное развитие в XXI веке (Лондон, 2006).

Судья высшего квалификационного класса; государственный советник юстиции 2-го класса.

Религиозные взгляды – мусульманин.

Идеал политического деятеля – Н.А. Назарбаев.

Прогноз будущего Казахстана – «Правовое, демократическое, социальное государство с достойным местом в мировом сообществе».

Хобби – занятие спортом (спортивная ходьба, плавание, езда на лошадях, горные лыжи).

Литературные пристрастия – историческая и политическая литература.

Женат. Супруга – Нарикбаева Касиет Кадыровна. Сыновья – Султанов Асхат (1962 г. р.), Нарикбаев Талгат (1978 г. р.), Нарикбаев Канат (1986 г. р.); дочери – Нарикбаева Лора (1964 г. р.), Нарикбаева Ляззат (1975 г. р.), Нарикбаева Жибек (1977 г. р.).

## НАУШЫБАЕВ Мауытхан

1948 жылы 8 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Қарабалта ауданының Қарасу ауылында туған.

Алматы қалалық ІІББ ҚІБ бөлім бастығының орынбасары қызметін атқарған.

3 медальмен марапатталған.

Запастағы полковник.

## НАУШИБАЕВ Маутхан

Родился 8 мая 1948 года в селе Карасу Карабалтайского района Восточно-Казахстанской области.

Работал заместителем начальника отдела УУР ГУВД г. Алматы.

Награжден 3 медалями.

Полковник в запасе.



## НӘСІРДІНОВ Бақтияр Патшаханұлы

1974 жылы 3 қазанда Шымкент облысы Созақ ауданының Шолаққорған ауылында туған. Қазақ.

Әкесі – Нәсірдінов Патшахан, зейнеткер, Созақ ауданының Калинин атындағы кеңшарында еңбек еткен. Анасы – Нәсірдінова Қалжан, зейнеткер, Созақ ауданының Калинин атындағы кеңшарында еңбек еткен.

Алматы коммерциялық техникумының сауда ұйымдастыру және азық-түлік өнімдері тауартануы факультетін (1993) тауартанушы-ұйымдастырушы мамандығы бойынша; ҚазМАУ коммерциялық кәсіпкерлік факультетін (1995) экономист мамандығы бойынша; Халықаралық құқық және нарық академиясының құқықтану факультетін (1999) заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Қазақ, орыс және неміс (сөздіктің көмегімен) тілдерін біледі.

1991 жылдан – Алматы қаласы Фрунзе ауданының көтерме-бөлшек сауда жеміс-көкөніс бірлестігі № 9 дүкенінің сатушысы. 1996 жылдан – «Көктем» ЖШС бухгалтері. 1997 жылдан – Алматы қаласы Жетісу аудандық сотының Мәскеу сот учаскесінде сот жасауылы. 2000 жылдан – Алматы қаласы Жетісу аудандық сотының Мәскеу сот учаскесінде бас маман. 2001 жылдан – Алматы қаласы Жетісу аудандық № 2 сотының бас маманы. 2002 жылдан – Павлодар облысы Май аудандық сотының судьясы. 2003 жылдан – Павлодар қалалық сотының судьясы. 2007 жылдың маусым айынан 2008 жылдың желтоқсан айына дейін – Павлодар облысы Железин аудандық сотының төрағасы.

Діни көзқарасы – мұсылман.

Саяси қайраткер ретіндегі идеалы – В.В. Путин.

Қазақстанның болашағы жайлы болжамы – «Өркендеу. Біздің Республикамыз жақын арада әлемнің дамыған 50 елінің қатарына қосылатынына сенімдімін».

Хоббиі – спорт.

Сүйіп оқитын әдебиеті – тарихи туындылар, Абайдың, М. Мақатаевтың және т.б. қазақ ақындарының өлеңдері.

Үйленбеген.